

**Метрология саласындағы жеке кәсіпкерлік саласына жатпайтын субъектілер үшін тексеру парағының нысанын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 06 наурыздағы № 64 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8408 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 16 қазандағы № 993 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 16.10.2015 № 531 бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 15-бабының 1-тармағына және «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы Заңының 5-бабы 2-тармағының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес метрология саласындағы жеке кәсіпкерлік саласына жатпайтын субъектілер үшін тексеру парағының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің ресми Интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасы Индустрия  
және жаңа технологиялар министрі **Ә. Исекешев**

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Қазақстан Республикасы Индустрия және  
жаңа технологиялар министрінің  
2013 жылғы 6 наурыздағы № 64  
бұйрығына қосымша  
Нысан

**Метрология саласындағы жеке кәсіпкерлік  
саласына жатпайтын субъектілер үшін  
тексеру парағы**

Уәкілетті \_\_\_\_\_ органның \_\_\_\_\_ атауы

Тексеру \_\_\_\_\_ тағайындау \_\_\_\_\_ туралы \_\_\_\_\_ акт

( № , күні )

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің тәуекел деңгейі \_\_\_\_\_  
(жоғары, орта, төмен дәрежені көрсету)

Ұйым атауы \_\_\_\_\_

СТН (бар болса) \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Иә	Жоқ
1	Белгіленген үлгідегі өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттың және (немесе) белгіленген үлгідегі өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың болуы		
2	Түрін бекіту мақсаты үшін сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан, салыстырып тексеруден өткен және өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшем құралдарын қолдану		
3	Салыстырып тексеру туралы сертификаттың, калибрлеу туралы сертификаттың және (немесе) өлшем құралында және (немесе) пайдалану құжаттамасында салыстырып тексеру таңбасының баспа-таңбасының, калибрлік белгісінің болуы		
4	Өлшемдерді орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау және олардың өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелуі		
5	Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу өлшемдердің орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аккредиттеу аттестатының болуы		

Субъектінің тексеру парағының көшірмесін алғаны туралы белгісі:

20 \_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК